



# ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІ



## ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ДЕГЕН НЕ?


Жыныстық белгісі негізінде жасалған, әйелдерге физикалық, жыныстық немесе психологиялық нұқсан келтіретін не азап шектіретін немесе осындай нәтижеге әкелуі мүмкін болатын,

кез келген зорлық-зомбылық актісі, соның ішінде осындай әрекет жасалды деп қорқыту, қоғамдық немесе жеке өмірде болсын, мәжбүрлеу немесе өз бетімен бас бостандығынан айыру.

## ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ МЫНАДАЙ БОЛУЫ МҮМКІН:



Физикалық



Психологиялық




Сексуалдық



Экономикалық

## БҰЛ МӘСЕЛЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ?



**Әрбір үшінші әйел** (852 млн. әйелге дейін) өз өмірінде физикалық немесе сексуалдық зорлық-зомбылыққа ұшыраған.

ДДСҰ мәліметі бойынша, Қазақстанда әйелдердің 16%-ына жақын серігі зорлық-зомбылық жасайды, ал әйелдердің 5%-ы жақын серігі емес адамдардың тарапынан сексуалдық зорлыққа ұшырайды.



# ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАНДАЙ ПРОБЛЕМАЛАР ГЗ ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙҒА ӘСЕР ЕТЕДІ?

50%

## Проблема

Медицина қызметкерлерінің 50%-ы жәбірленген адамды толық тексермей, тек белгілі бір жерін ғана қарап шығады.

26 мин.

## Проблема

26 минут – зардап шеккен адамды қарауға бөлінетін орташа уақыт.

>55%

## Проблема

Медицина қызметкерлерінің 55%-дан астамы жеке тексеру бөлмесінің жоқ екенін айтты.

78%

## Проблема

Гендерлік зорлық-зомбылық жағдайын тексерген медицина қызметкерлерінің 78%-дан астамы психологты жұмысқа тартпайды.

87%

## Проблема

Медицина мекемелерінің 87%-дан астамының штатында әлеуметтік қызметкерлер жоқ.

>50%

## Проблема

Сауалнамаға қатысқан медицина қызметкерлерінің 50%-дан астамының негізгі медициналық білімі аясында ГЗ-қа қатысты реттеу дағдысы жоқ.

20%

## Проблема

Респонденттердің 20%-ы ғана ГЗ құрбандарымен жұмыс істеу үшін коммуникативті дағдыны үйренген.

1/3

## Проблема

ХСБ-10-да қажетті кодтың бар екеніне қарамастан, медицина қызметкерлерінің үштен бір бөлігі ГЗ жағдайларын зорлық-зомбылық деп тіркемейді. Мұның орнына гендерлік зорлық-зомбылық әдеттегі жарақат ретінде тіркеледі.

95%

## Проблема

Медицина қызметкерлерінің 95%-ы ДДСҰ-ның гендерлік зорлық-зомбылық бойынша клиникалық сауалнамасын пайдаланбайды.

## Неге бұл жаман?

Жарақат пен зақым келген жерлер байқалмаған күйінде қалады.

## Неге бұл жаман?

Медицина қызметкері мен жәбірленген адамның арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға уақыт жеткіліксіз.

## Неге бұл жаман?

1. Тексеру аймағына бейтаныс адамдардың кіруі жәбірленушінің дәрігерге шынын айтуына мүмкіндік бермейді.  
2. Жәбірленген адамды тексеру кезінде қасында зорлық-зомбылық жасаған адамның болуы оған қысым жасайды.

## Неге бұл жаман?

Гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарының психикалық денсаулығының нашарлауы ұзақ мерзімді проблемалар мен өзін-өзі өлтіруіне әкеп соғады.

## Неге бұл жаман?

ГЗ нәтижесінде жәбірленген адамдар ұзақ мерзімді әлеуметтік және экономикалық мәселелерге тап болады.

## Неге бұл жаман?

Медицина қызметкерлері халықаралық ұсыныстар мен ғылыми зерттеулерге негізделген, зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс істеу ерекшеліктерін оқып-үйренбеген.

## Неге бұл жаман?


Коммуникацияға қатысты қиындықтар сенімді қарым-қатынас орнатуға кедергі туғызады, сондай-ақ басқа да психологиялық жарақат келтіруі мүмкін.

## Неге бұл жаман?

Елдегі гендерлік зорлық-зомбылық туралы статистика мәліметтері шындыққа сай болмауы мүмкін, бұл мәселенің күрделілігін түсінуге және сәйкесінше мемлекеттің іс-қимыл жасауына әсер етеді.

## Неге бұл жаман?

Стандартталған протоколдың болмауы олқылыққа және оқиға туралы мәліметтердің жасырылуына әкеп соғуы мүмкін.



## НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?

**1.** ГЗ құрбандарын тиімді жолмен қайта бағыттау, одан кейін олардың отбасына ауыртпалықсыз оралуы, қоғамда әлеуметтенуі үшін медициналық мекемелер, құқық қорғау және әлеуметтік қорғау органдары қызметкерлерінің өзара әрекеттесуінің тұрақты механизмін ұйымдастыру.


**2.** Медицина мекемелерінің жұмыс істейтін қызметкерлерін гендерлік зорлық-зомбылық жағдайында жәрдем беру мәселелері, соның ішінде ДДСҰ сауалнамасы негізінде қарым-қатынас дағдыларын дамыту бойынша арнайы оқыту.

**3.** Медициналық білім беру жүйесіне гендерлік зорлық-зомбылық жасалған жағдайда көмек көрсету ерекшеліктеріне көңіл бөлетін оқу бағдарламаларын енгізу.

**4.** Зардап шеккен адамдарды жеке қабылдау үшін медицина мекемелерінде арнайы жабдықталған бөлме ашу, оны қажетті медициналық бұйымдармен, жедел контрацепцияға және қатынас жасалғаннан кейін ЖЖБИ мен АИТВ профилактикасына арналған дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.

**5.** Жәбірленген адамдарға кешенді көмек көрсету үшін медициналық мекемелерде мынадай құрамдағы көпсалалы мамандардың топтарын құру:

- 1)** жәбірленген адамға медициналық жәрдем беретін және қабылдаудың оңтайлы ұзақтығын кем дегенде 45 минутқа жеткізетін медицина мамандары;
- 2)** алғашқы психологиялық көмек көрсететін және одан кейінгі психологиялық оңалтуды ұйымдастыратын психологтар;
- 3)** әлеуметтік қолдауды ұйымдастыратын әлеуметтік қызметкерлер.



## НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?

6.

**ГЗ көрген пациенттердің жағдайын тіркеу қағидаларына өзгерістер енгізу.**

Бұл үшін медицина қызметкерлеріне «қос кодтауды» қолдану мүмкіндігін беру керек, мұнда бірінші код гендерлік зорлық-зомбылық түрін, ал екіншісі анатомиялық зақымдану орнын көрсетеді.

7.


**ГЗ оқиғасын дәл және толық тіркеуді ынталандыру үшін** ГЗ құрбанына медициналық жәрдем көрсету кезінде медициналық қызметтерге ақы төлеу жүйесін құру.

## ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

2017 жылы бүкіл әлем бойынша 87 000 әйел зорлық-зомбылық құрбаны болды, олардың жартысынан астамы (58%) серігінің немесе отбасы мүшесінің қолынан қаза тапқан. Бұл дүние жүзінде күн сайын 137 әйел өзі танитын адамның қолынан өледі деген сөз.

Гендерлік зорлық-зомбылық оқиғасы өліммен аяқталмаған күннің өзінде, ол жаһандық деңгейде ЖІӨ-нің 2%-на дейін жоғалуына әкеп соғатын көптеген ұзақ мерзімді салдарға ұрындырады, бұл 1,5 триллион АҚШ долларына тең.

Гендерлік зорлық-зомбылық бір адамның немесе жеке отбасының ғана емес, бүкіл қоғам мен мемлекеттің проблемасы.



# КАКОВЫ ПОСЛЕДСТВИЯ ГЕНДЕРНОГО НАСИЛИЯ?

## 1. ГЗ физикалық денсаулыққа келтіретін зардабы:

- 1) жұмсақ тіндердің, ішкі мүшелердің зақымдалуы мен сүйектердің сынуы – зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің 42%-ында;
- 2) қалаусыз жүктілік, аборт (екі есе артқан), соның ішінде заңсыз және өмірге қауіпті аборт;
- 3) жыныстық жолмен жұғатын инфекциялар, соның ішінде АИТВ;
- 4) аяғы ауыр әйелдерде – түсік тастау, сәбиді өлі туу, шала туу (41%-ға өскен).

## 2. ГЗ психикалық денсаулыққа зияны:

- 1) депрессия;
- 2) мазасыздық, стресс және жарақаттан кейінгі бұзылыстар;
- 3) ұйқының бұзылуы;
- 4) тамақтанудың бұзылуы;
- 5) тұлғалық бұзылу;
- 6) өзіне-өзі қол салуға әрекет жасау.

Егер жәбірленушіге зорлық-зомбылық бала кезінен жасалса, онда бұл тұлғаның қалыптасуына, сондай-ақ адамның қоғамдағы әрі қарайғы мінез-құлқына әсер етуі мүмкін. Бұл болашақта тұлғаның зорлық-зомбылық жасауға бейім болуынан да, сондай-ақ зорлық-зомбылыққа ұшырағыштығынан да көрініс табуы мүмкін.

## 3. ГЗ әлеуметтік және экономикалық салдары:

- 1) жәбірленушіні қорлау – стигматизация;
- 2) жәбірленушіні айыптау – виктимблейминг;
- 3) мәжбүрлі неке;
- 4) оқшаулау;
- 5) еңбекке жарамсыздық, табыстан айырылу;
- 6) өзіне және балаларына күтім жасау мүмкіндігінің шектеулі болуы.



## Дереккөздер:

**БҰҰ. 1993.** «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларация»  
<https://www.unhcr.org/gender-based-violence.html>

**WHO. 2021.** «Violence Against Women Prevalence Estimates». 2018

**«Мар». 2021.** WHO – VAW

**Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты. 2010.** «Біріккен Ұлттар Ұйымының ерлер мен әйелдердің теңдігі туралы халықаралық құқықтық құралдарының жинағы»

United Nations Office on Drugs and Crime. 2019. «Global study on homicide: gender-related killing of women and girls»

**UNICEF. 2020.** «The material risks of Gender-Based Violence in Emergency Settings»

**WHO. 2013.** «Global and Regional Estimates of Violence Against Women»

**«Gender-Based Violence». 2021.** Unfpa.org, «Әйелге зорлық-зомбылық көрсету». 2021. Who.int

**UNFPA Kazakhstan. 2021.** «Гендерлік зорлық-зомбылық түрлері».

## Қазақстандағы ЮНФПА ресурстары

 [www.kazakhstan.unfpa.org](http://www.kazakhstan.unfpa.org)

 @UnfpalnKazakhstan

 @UNFPAKAZ

 @unfpakaz

**Бұл жарияланымды Ұлыбритания үкіметінің қаржылық қолдауымен ЮНФПА әзірледі.**

Жарияланымның мазмұны Ұлыбритания үкіметі мен ЮНФПА-ның ресми көзқарасын білдірмейді.